

**Ортаңғы «Балапан» тобы  
Серуен картотекасы №1**

**"Табиғатпен сәлемдесу"**

**Мақсаты:** Балаларға табиғаттың әсемдігін түсіндіріп, оны бағалай білуге баулу.

**Қимыл:** Педагог балаларды табиғатқа шығуға дайындап, оларды серуенге шақырады. Әр бала табиғатпен амандасып, ағаштарға, гүлдерге, құстарға «Сәлем!» деп айтады. Бұл жаттығу арқылы балалар табиғатпен байланыс орнатып, оны қорғауға ынтыланады.

**Қауіпсіздік ережелерін қайталау:** Балаларға серуен кезінде қалай жүру керек, қоршаған ортаға қалай мұқият болу керектігі туралы ережелер түсіндіріледі.

**(Экологиялық тәрбие, еңбек және дидактикалық ойындар)**

**1. Экологиялық тәрбие: "Табиғатты қорға"**

**Мақсаты:** Балалардың табиғат туралы білімін кеңейту және оны қорғауға баулу.

**Қимыл:** Балалар серуен кезінде өсімдіктер мен жануарлар туралы әңгімелейді. Мұғалім оларға ағаштар, гүлдер, шөптер және жануарлар туралы мәліметтер береді.

**Сұрақтар:**

«Ағаштардың жапырақтары не үшін керек?»

«Құстар не жейді?»

«Гүлдерге не керек?»

**Қоршаған органы қорғау:** Балаларға қоқысты тастамау, өсімдіктерді жұлмау туралы түсіндіріледі.

**2. Еңбекке баулу: "Көгалдандыру" немесе "Гүлдерге су құю"**

**Мақсаты:** Балаларға табиғатқа еңбек ету арқылы қамқорлық көрсетуді үйрету.

**Қимыл:** Балалар бақшадағы немесе ауладағы гүлдерге су құяды немесе жапырақтарды жинайды. Бұл жаттығу арқылы балалар еңбекке баулынады және қоршаған ортаға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.

**Мысалы:** әр бала кішкене су құтысын алып, бір-екі гүлге су құяды. Педагог оларға су құйғанда қалай жасау керектігін түсіндіреді: "Гүлдерге көп су құюға болмайды, себебі олар суға тұншығады."

**3. Дидактикалық ойын: "Табиғаттан не көрдің?"**

**Қимыл:** Балалар серуен кезінде табиғаттағы заттарды бақылап, оларды есте сақтауға тырысады. Серуен соңында педагог: «Сендер табиғаттан не көрдіңдер?» деп сұрақ қояды. Балалар көргендерін тізіп айтып береді.

**Серуен: Табиғат аясындағы бақылау және танымдық әңгіме**

**Мақсаты:** Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, өсімдіктер мен жануарлар туралы білім беру.

**Экологиялық іс-әрекет: Табиғатқа қамқорлық жасау**

**Мақсаты:** Табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау.

**Іс-әрекет:**

Балалармен бірге ауладағы немесе серуен алаңындағы қоқыстарды жинау. Оларға қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету: қағазды, пластикті және шыныны бөлек жинау. Бұл балалардың жауапкершілік сезімін оятады

**Құралдар:** Қолғаптар, қоқыс жәшіктері.

**Серуен картотекасы №3**

**Серуен: "Күзгі орман"**

**Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау, жапырақтардың түстерін ажырату және желдің қалай соғатынын сезіну.

**Бақылау:**

Балаларды күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерімен таныстыру. Жапырақтардың түстері өзгергенін, олардың ағаштан түсуін бақылау.

**Сұрақтар:** «Жапырақтар қандай түске боялған?», «Қандай жапырақтар үлкен немесе кішкентай?»

**Ойын:**

"Жел мен жапырақтар" ойыны.

Балалар «жапырақ» болып, жерге түскен жапырақтар секілді қолдарын жайып, жеңіл секіреді. Мұғалім «Жел соқты!» деген кезде, балалар алаңда жүгіріп, жапырақтар секілді айналып ұшады.

**Серуен картотекасы №4**

**"Құстарды бақылау"**

**Мақсаты:** Құстар туралы түсінік беру, олардың дауыстарын тыңдау және қайда ұшатынын бақылау.

**Бақылау:**

Балалармен бірге серуен кезінде құстардың дауыстарын тыңдап, олардың қайда ұшып жүргенін бақылау. Құстардың атауларын атап, оларға сипаттама беру.

**Сұрақтар:** «Құстар қалай сайрайды?», «Қайда ұшады?»

**Ойын:**

"Құстар секілді ұшамыз" ойыны.

Балалар құстар секілді қолдарын жайып, ұшуды бейнелеп жүгіреді. Ойын арқылы олардың қимылдары дамиды, әрі құстарға қызығушылығы артады.

#### **Серуен картотекасы №5**

"Ағаштар әлемі"

**Мақсаты:** Ағаштардың түрлерін тану, олардың жапырақтары мен діңдерін бақылау.

**Бақылау:**

Ауладағы ағаштардың жапырақтарын, діңдерін бақылау. Олардың биіктігі мен жапырақтарының пішінін көру.

**Сұрақтар:** «Бұл қандай ағаш?», «Жапырақтары қандай?»

**Ойын:**

"Ағашқа айналамыз" ойыны.

Балалар ағашқа ұқсап, орындарында қимылсыз тұрып, кейін жел соққанда «қимылдайды» (қолдарын жоғары көтеріп, тербеледі).

#### **Серуен картотекасы №6**

**Бақылау:** "Жапырақтардың өзгерісі"

**Мақсаты:** Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.

**Іс-әрекет:** Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды.

Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.

**Сұрақтар:**

«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»

«Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»

**Белсенділік:**

Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.

**Өсімдіктерге күтім жасау**

**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.

**Іс-әрекет:**

Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады.

Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді.

Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.

**Құралдар:** кішкентай су құйғыштар, майлықтар

### Серуен картотекасы №7

**Бақылау:** "Күннің күйі"

**Мақсаты:** Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру.

**Іс-әрекет:** Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді. Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.

**Сұрақтар:** «Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?»

«Күн бізге не береді?»

**Белсенділік:**

Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.

**Ойыншықтарды жинау және реттеу**

**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.

**Іс-әрекет:** Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе сөреге жинайды.

Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою).

**Құралдар:** ойыншықтар, ойыншықтарды жинайтын себеттер.

### Серуен картотекасы №8.

**Бақылау:** "Бұлттарды бақылау"

**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.

**Іс-әрекет:** Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды.

Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе кара бұлттар.

**Сұрақтар:** «Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?»

«Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?»

**Белсенділік:**

Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).

**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**

**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету.

**Іс-әрекет:** Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды.

Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді.

**Құралдар:** кішкентай қапшықтар, қолғаптар.

### **Серуен картотекасы №9.**

**Бақылау:** "Құстарды бақылау"

**Мақсаты:** Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.

**Іс-әрекет:** Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды

Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.

**Сұрақтар:** «Қандай құстарды көрдік?»

«Құстар қалай ән салады?»

**Белсенділік:**

Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).

**Құстарды немесе жануарларды күту**

**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету.

**Іс-әрекет:** Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді.

Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін түсіндіреді.

**Құралдар:** құс жемі немесе балықтарға арналған жем.

### **Серуен картотекасы №10**

**Бақылау:** "Ағаштардың биіктігі"

**Мақсаты:** Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.

**Іс-әрекет:** Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды. Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді.

Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.

**Сұрақтар:** «Ағаш биік пе, әлде аласа ма?»

«Жапырақтар

қандай пішінде?»

**Белсенділік:**

Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.

**Құммен және сумен ойнау**

**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру.

**Іс-әрекет:** Балалар құмда немесе суда арнайы ойыншықтармен ойнап, құмнан әртүрлі пішіндер жасайды.

Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды.

**Құралдар:** құм және суға арналған ойыншықтар.

### **Серуен картотекасы №11**

**Табиғатқа қамқорлық**

- Қоқыс жинау: Серуен барысында балаларға табиғаттағы қоқыстарды жинау тапсырмасын беріңіз. Бұл оларға қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және табиғатты қорғауға үйретеді.

- Өсімдіктерге күтім: Балаларға ағаштардың жапырақтарын, гүлдерін қарау, оларды суару немесе егу бойынша тапсырмалар беру. Бұл өсімдіктердің өмір сүруіне ықпал етеді.

**2. Еңбек дағдыларын дамыту**

- Жемістер мен көкөністерді жинау: Егер серуен ауыл немесе бақшада өтсе, балаларды жемістер мен көкөністерді жинауға үйрету. Бұл оларға еңбек арқылы өнім алудың маңыздылығын көрсетеді.

- Құстарға жем беру: Балаларға құстарға арналған жем шашу немесе арнайы орындар дайындау. Бұл табиғатқа қамқорлық сезімін дамытуға көмектеседі.

### **3. Табиғатпен танысу**

- Табиғатқа қатысты тапсырмалар: Балаларға табиғаттағы өзгерістерді бақылау, мысалы, жапырақтардың түсі, ағаштардың формасы туралы жазу немесе сурет салу.

- Экологиялық білім беру: Табиғаттың экосистемасы, өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысы туралы мәліметтер беру.

#### **Серуен картотекасы №12**

##### **Табиғатпен танысу**

**Тақырып:** Ағаштар мен өсімдіктерді зерттеу

**Мақсат:** Балаларды ағаштар мен өсімдіктердің түрлерімен таныстыру, оларды күтуге үйрету.

**Серуен:** Балалармен жақын маңдағы саябаққа барып, ағаштар мен гүлдерді тамашалау.

**Іс-шара:** Балаларға әртүрлі өсімдіктерді көрсетіп, олардың жапырақтары мен сабақтарын зерттеу. Әр ағаштың атауын айтып, ағаштарды күту туралы түсіндіру.

**Еңбекке баулу:** Балаларға бақшаға қалай қамқор болу керектігін көрсетіп, кішкене күрекпен топырақты қопсыту

#### **Серуен картотекасы №13**

##### **Судың маңызы**

**Тақырып:** Судың табиғаттағы рөлі

**Мақсат:** Судың маңызын түсіндіру, суды үнемді пайдалану жолдарын үйрету.

**Серуен:** Су қоймасы немесе бұлақ жанында серуен.

**Іс-шара:** Балаларға судың табиғаттағы рөлі мен оның маңызын түсіндіру, суды қалай үнемдеу керек екенін үйрету.

**Еңбекке баулу:** Су қоймасына немесе бақшадағы өсімдіктерге су тасып, оларды суару.

#### **Серуен картотекасы №14**

##### **Тазалық күні**

**Тақырып:** Табиғатты таза ұстау

**Мақсат:** Балаларды қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, тазалыққа үйрету.

**Серуен:** Жақын маңдағы табиғи аймаққа серуен.

**Іс-шара:** Балалармен бірге серуендеп жүріп, жердегі қоқыстарды жинау. Табиғатты қоқыстан қалай қорғауға болатыны туралы әңгімелесу.

**Еңбекке баулу:** Қоқыс жинау мен сұрыптау жұмыстарын көрсету. Балаларға қоқысты қайда және қалай тастау керектігін үйрету.

#### **Серуен картотекасы №15**

##### **Гүлдер күні**

**Тақырып:** Гүлдердің түрлері және оларды күту

**Мақсат:** Гүлдер туралы білімін кеңейту және оларды күтуге баулу.

**Серуен: Гүлдер өсетін аймаққа серуен жасау.**

**Іс-шара:** Әр гүлдің түрлерін талқылау, олардың хош иістерін сезіну. Гүлдер мен өсімдіктерді өз қолдарымен егіп үйрену.

**Еңбекке баулу:** Гүлдерді суару және оларға топырақ қопсыту жұмыстарын жасау.

### Серуен №15

#### Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау

**Мақсаты:**

- Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;
- әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.

#### Бақылау барысы

**Жұмбақ жасыру**

Ақ киімді біреуі,  
Сары киімді біреуі,  
Көк киімді біреуі,  
Әлем, жәлем киімі,

Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)

- Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)

- Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу)

Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.

**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)

Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»

**Еңбек**

Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.

**Мақсаты:**

- орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;
- экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.

**Қимылды ойын «Бәйге».**

**Мақсаты:**

Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.

**Жаттығу ойындары Қозғалыстарын қалыптастыру**

**Мақсаты:** сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.

**Халық болжамы:**

Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.

### Серуен №16

#### Күздің алғашқы белгілерін бақылау

**Мақсаты:**

- Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;
- Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.

#### Бақылау барысы

**Көркем сөз «Қыркүйек»** Ғ. Өкеев

Бір-біріне жер, аспан,  
Мейірлене қарасқан.  
Төкпей-шашпай тасып дән  
Машиналар асыққан.  
Ұстаз, шәкірт жүздескен,  
«Қош келіссіз күз» дескен.

Берекелі алтын күз,  
Ұмытпаймыз салтын біз

Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.

**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)

Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»

**Еңбек**

Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.

**Мақсаты:**

- орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;
- экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.

**Қимылды ойын «Қуып жет».**

**Мақсаты:** Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.

**Жаттығу ойындары Бөрене үстімен жүру**

**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру  
**Мақал:** Күз байлығы-ел ырысы.

### Серуен картотекасы №17

**Гүл егілген клумбаны бақылау**

**Мақсаты:**

- өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;
- кейбір өсімдіктердің дәндерін пашып, қурап үлгергеніне көңіл бөлу;
- Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция) таныстыру

**Бақылау барысы:**

**Көркем сөз:**

*Кешкілік пе, күндіз бе,  
Өсіп тұрған гүлді үзбе.  
Туған жерді далаға,  
Тастай алмай жүрміз бе?  
Жайнап өсіп далада,  
Көздің жауын ала ма?  
Бірде бірін жұлғызба,  
Қасыңдағы балаға.*

**Балаларға сұрақтар:**

- Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?
- Келесі жылы гүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?
- Қандай гүлдер күзде гүлбеиді?

**Зерттеу қызметі:**

Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау.

**Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»**

**Еңбек.** Гүлдер дәнін жинап алу.

**Мақсаты:** Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.

**К/О:** «Мені ата».

**Мақсаты:** ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабілеттерін дамыту.

«Қояндар мен түлкі».

**Мақсаты:** тез жүкіру дағдыларын дамыту

**Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру

**Мақсаты:** жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту

### Серуен картотекасы №18

**Тастарды бақылау**

**Мақсаты:** Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.

**Бақылау барысы**

**Зерттеу жұмысы**

Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды)

**Еңбек**

Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.

**Мақсаты:**

- Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;
- Шығармашылық қиялын дамыту.

**К/О** «Ұшты-ұшты».

**Мақсаты:**

- Тәрбиешіні мұқият тындауға үйрету;

**Жаттығу ойындары**

Қозғалысты дамыту.

**Мақсаты:** допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру

Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «*Күзгі табиғат*»

**Серуен**

**картотекасы №19**

**Итті бақылау**

**Мақсаты:**

Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.

## **Бақылау барысы**

### **Көркем сөз**

Ей, адамдар, адамдар!  
Айналаға қараңдар,  
Зардап шегіп жатпасын,  
Аш үйіңнің қақпасын,  
Жануарлар қорғансыз,  
Далада қалып қоймасын.  
Балаларға сұрақтар:

Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды.

Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар!

**Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.

Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.

К/О: «Біз көңілді балалармыз».

Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.

**Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту.

Мақсаты:

- Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;
- Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.

**Тыйым сөз:** Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.

Әдіскер:



Қараша Ортаңғы «Балапан» тобы

2024-2025жж

### **Серуен картотекасы №1**

#### **Жапырақтарды бақылау**

Мақсаты: Балалардың табиғатты тану қабілетін дамыту, жапырақ түрлерін ажырата білуге үйрету.

Өткізу тәсілі: Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарын көрсетіп, олардың түстері мен пішіндерін зерттеуді ұсынады. Әр жапырақтың ерекшеліктерін айтып береді.

#### **«Жапырақтардан сурет салу»**

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, жапырақтар мен табиғи материалдардан сурет құрастыру.

Ойын ережесі: Балалар түрлі-түсті жапырақтарды жинап, олардан ағаш, гүл, үй, жануарлар сияқты бейнелерді жасайды.

(Ұсыныс ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы )

### **Серуен картотекасы №2**

#### **Ауа райын бақылау**

Мақсаты: Балалардың ауа райы жағдайын түсіну қабілетін дамыту.

Өткізу тәсілі: Тәрбиеші балалармен бірге аспанды, бұлттардың қозғалысын, күннің түсін және желді бақылап, ауа райы туралы әңгіме жүргізеді.

#### **«Жапырақтарды жинау»**

Мақсаты: Жинақылық пен ұқыптылыққа үйрету, ұжымдық жұмыс жасауға баулу.

Ойын ережесі: Балаларды екі топқа бөліп, жапырақтарды кім көп жинайтынын жарыстыру.

(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру )

### **Серуен картотекасы №3**

#### **Көбелектер мен қоңыздарды бақылау**

Мақсаты: Жәндіктердің түр-түрін зерттеп, оларды тану қабілетін дамыту.

Өткізу тәсілі: Тәрбиеші көбелек немесе қоңыз тауып, оның түсін, пішінін және қозғалысын зерттеуді ұсынады.

#### **«Құлаған жапырақтарға секіру»**

Мақсаты: Балаларға қозғалыс арқылы күш-қуат беру, секіру дағдыларын дамыту.

Ойын ережесі: Жапырақтар жиналған жерге балалар секіріп, олардың ұшуына қуантып, қозғалыс жасайды.

(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру )

### **Серуен картотекасы №4**

#### **Су бетінің өзгерісін бақылау**

Мақсаты: Судың қасиеттерін түсіну және оның айналаға әсерін бақылау.

Өткізу тәсілі: Судың бетінде пайда болған толқындарды, күн сәулесінің шағылуын немесе жел әсерінен өзгерістерді бақылау.

#### **«Күзгі бақтағы жасырынбаю»**

Мақсаты: Байқағыштық қабілетін дамыту, зейінді шоғырландыру.

Ойын ережесі: Балалар бақтағы түрлі табиғи материалдардың артына жасырынып, бір-бірін іздейді.

(Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру )

#### **Серуен картотекасы №5**

##### **Құмда немесе топырақта бақылау**

Мақсаты: Құм немесе топырақтың құрылымын және оған әсер ететін факторларды түсіну.

Өткізу тәсілі: Балаларға құмды қолдарымен ұстап көріп, оның құрылымын зерттеу ұсынылады. Су қосқанда құмның қалай өзгеретініне назар аударылады.

##### **«Күзгі қазына»**

Мақсаты: Зейін мен ізденімпаздықты арттыру.

Ойын ережесі: Жапырақ, жаңғақ, бұтақтар сияқты заттарды алдын ала бақшада жасырып қойып, балалардың оларды іздеуіне мүмкіндік беру.

(Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)

#### **Серуен картотекасы №6**

##### **"Табиғат Досы"**

Мақсаты: Балалардың табиғатқа қамқорлық сезімін арттыру, өсімдіктер мен жануарларға құрмет көрсету.

Ойын барысы:

Балаларға орман немесе бақша туралы қысқаша түсіндіру беріледі, содан кейін әрқайсысына кішкентай рөлдер беріледі (мысалы, ағаш қорғаушысы, құс досы, гүл сақтаушысы).

Тәрбиеші балаларға табиғатқа қамқорлық жасаудың маңызды екенін түсіндіреді.

Әр бала өзінің рөлін орындай отырып, табиғатқа қамқорлық жасайды. Мысалы, ағаш қорғаушысы жапырақтарды жинаса, құс досы жемді себеді.

(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )

#### **Серуен картотекасы №7**

##### **"Таза және Лас Орман"**

Мақсаты: Балаларға қоршаған ортаның тазалығын сақтауды үйрету.

Ойын барысы:

Ойын алаңына жасанды қоқыстар (қағаз кесектері, пластик бөтелкелер) қойылады.

Балаларға орманды тазарту миссиясы беріледі. Олар қоқысты дұрыс орынға (қоқыс жәшігіне) жинайды.

Барлық балалар қоқысты жинап болған соң, олар таза орманды бірге тамашалайды.

(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )

#### Серуен картотекасы №8.

##### "Жануарлар Досын Тап"

Мақсаты: Балаларды жануарлардың әртүрлілігімен таныстыру және әр жануардың табиғаттағы рөлін түсіндіру.

##### Ойын барысы:

Балалар дөңгеленіп отырады, ал тәрбиеші әртүрлі жануарлардың суреттерін көрсетіп, олардың дыбыстарын салады.

Әр бала кезек-кезек жануардың дыбысын танып, сол жануарға қатысты бір қамқорлық әрекетін айтады (мысалы, "Құстарға жем береміз", "Аюларды мазаламау керек").

Әр жауаптан кейін балалар бірге жануарларға қамқорлық туралы қысқаша тақпақ немесе ән айтады.

(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )

#### Серуен картотекасы №9.

##### "Гүл Отырғызу"

Мақсаты: Балаларға өсімдіктерді күту және табиғаттың маңыздылығын үйрету.

##### Ойын барысы:

Тәрбиеші балаларға түрлі-түсті қағаздан жасалған "гүлдерді" береді немесе алдын ала дайындалған құмыраға шынайы гүлдерді отырғызуға рұқсат береді.

Балалар гүлдерді отырғызып болған соң, оларды суару және баптау тәсілдерін үйренеді.

Әр бала өз гүлін күтуші болып, оның күнделікті жағдайына жауап береді (мысалы, су құю, жарыққа қою).

(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту )

#### Серуен картотекасы №10

##### "Жарық пен Су"

Мақсаты: Балаларға энергия мен суды үнемдеудің маңыздылығын түсіндіру.

##### Ойын барысы:

Ойынға дайындалу үшін бөлмеде бірнеше "лампа" мен "су кранын" көрсету үшін суреттер ілінеді.

Балаларға ойын барысында бөлмеде жанған шамдарды және су ағатын крандарды "өшіру" (жапсыру) тапсырмасы беріледі.

Тәрбиеші балаларға жарықты немесе суды босқа пайдаланбаудың қажеттілігін түсіндіреді.

(Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту ) Суды үнемдеу

### Серуен картотекасы №11

#### Желдің бағытын бақылау

Мақсаты: Желдің бағытын, күші мен оның табиғатқа әсерін түсіну.

Өткізу тәсілі: Балаларға жапырақтардың немесе шөптің жел әсерінен қалай қозғалып жатқанын көрсету арқылы бақылау.

#### «Күзгі бояулар»

Мақсаты: Балалардың күзгі түстерді тануына және көркемдік қабілеттерін дамыту.

Ойын ережесі: Балалар түрлі түсті жапырақтарды жинап, оларды қағаз бетіне қойып, жапырақтардың көшірмесін бояу арқылы шығарады.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### Серуен картотекасы №12

#### . Ағаштарды бақылау

Мақсаты: Ағаштардың пішінін, түсін және ерекшеліктерін ажыратуға үйрету.

Өткізу тәсілі: Ағаштың дінгегін, бұтақтарын және жапырақтарын зерттеу. Ағаштың қандай екенін, оның ерекшеліктерін анықтау.

#### «Күзгі жапырақтардан моншақ»

Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту және қолөнерге баулу.

Ойын ережесі: Жұмсақ жапырақтарды жіпке тізіп, кішкене моншақтар жасайды немесе білезік құрайды.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

Ұсақ моториканы дамыту

### Серуен картотекасы №13

#### Жаңбырдан кейінгі шалшықтарды бақылау

Мақсаты: Судың әртүрлі күйде болуы мен жердің сулануы туралы түсінік беру.

Өткізу тәсілі: Жаңбырдан кейінгі шалшық суының қалай өзгертетінін, бетіне түсетін жарықтың шағылуын бақылау.

#### «Желкенді қайық»

Мақсаты: Желдің күшін және бағытын бақылауға үйрету.

Ойын ережесі: Қағаздан кішкентай қайықтар жасап, оларды судың бетіне немесе жерге қойып, желмен қалай қозғалатынын бақылайды.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### Серуен картотекасы №14

#### Тазалық күні

Тақырып: Табиғатты таза ұстау

Мақсат: Балаларды қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, тазалыққа үйрету.

**Серуен: Жақын маңдағы табиғи аймаққа серуен.**

Іс-шара: Балалармен бірге серуендеп жүріп, жердегі қоқыстарды жинау. Табиғатты қоқыстан қалай қорғауға болатыны туралы әңгімелесу.

Еңбекке баулу: Қоқыс жинау мен сұрыптау жұмыстарын көрсету. Балаларға қоқысты қайда және қалай тастау керектігін үйрету.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### Серуен картотекасы №15

**Құстарға жем беру**

Мақсаты: Құстарға күтім жасау мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Өткізу тәсілі: Құстарға арнап жем салғыш дайындап, олардың жемді қалай жейтінін бақылау.

**Күзгі табылған заттар»**

Мақсаты: Зейін және есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын ережесі: Балалар өздері тапқан заттарды (жапырақ, жаңғақ, қабықша) көрсетіп, олардың не екенін айтып, қысқаша сипаттайды.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### Серуен картотекасы №16

**Табиғатқа қамқорлық**

- **Қоқыс жинау:** Серуен барысында балаларға табиғаттағы қоқыстарды жинау тапсырмасын беріңіз. Бұл оларға қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және табиғатты қорғауға үйретеді.

- **Өсімдіктерге күтім:** Балаларға ағаштардың жапырақтарын, гүлдерін қарау, оларды суару немесе егу бойынша тапсырмалар беру. Бұл өсімдіктердің өмір сүруіне ықпал етеді.

**2. Еңбек дағдыларын дамыту**

- **Жемістер мен көкөністерді жинау:** Егер серуен ауыл немесе бақшада өтсе, балаларды жемістер мен көкөністерді жинауға үйрету. Бұл оларға еңбек арқылы өнім алудың маңыздылығын көрсетеді.

- **Құстарға жем беру:** Балаларға құстарға арналған жем шашу немесе арнайы орындар дайындау. Бұл табиғатқа қамқорлық сезімін дамытуға көмектеседі.

**3. Табиғатпен танысу**

- **Табиғатқа қатысты тапсырмалар:** Балаларға табиғаттағы өзгерістерді бақылау, мысалы, жапырақтардың түсі, ағаштардың формасы туралы жазу немесе сурет салу.

- **Экологиялық білім беру:** Табиғаттың экосистемасы, өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысы туралы мәліметтер беру.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### **Серуен картотекасы №17**

#### **Табиғатпен танысу**

Тақырып: Ағаштар мен өсімдіктерді зерттеу

Мақсат: Балаларды ағаштар мен өсімдіктердің түрлерімен таныстыру, оларды күтуге үйрету.

**Серуен:** Балалармен жақын маңдағы саябаққа барып, ағаштар мен гүлдерді тамашалау.

**Іс-шара:** Балаларға әртүрлі өсімдіктерді көрсетіп, олардың жапырақтары мен сабақтарын зерттеу. Әр ағаштың атауын айтып, ағаштарды күту туралы түсіндіру.

**Еңбекке баулу:** Балаларға бақшаға қалай қамқор болу керектігін көрсетіп, кішкене күрекпен топырақты қопсыту.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### **Серуен картотекасы №18**

#### **Судың маңызы**

Тақырып: Судың табиғаттағы рөлі

Мақсат: Судың маңызын түсіндіру, суды үнемді пайдалану жолдарын үйрету.

**Серуен:** Су қоймасы немесе бұлақ жанында серуен.

**Іс-шара:** Балаларға судың табиғаттағы рөлі мен оның маңызын түсіндіру, суды қалай үнемдеу керек екенін үйрету.

**Еңбекке баулу:** Су қоймасына немесе бақшадағы өсімдіктерге су тасып, оларды суару.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### **Серуен картотекасы №19**

#### **Тазалық күні**

Тақырып: Табиғатты таза ұстау

Мақсат: Балаларды қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, тазалыққа үйрету.

**Серуен:** Жақын маңдағы табиғи аймаққа серуен.

**Іс-шара:** Балалармен бірге серуендеп жүріп, жердегі қоқыстарды жинау. Табиғатты қоқыстан қалай қорғауға болатыны туралы әңгімелесу.

**Еңбекке баулу:** Қоқыс жинау мен сұрыптау жұмыстарын көрсету. Балаларға қоқысты қайда және қалай тастау керектігін үйрету.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

### **Серуен картотекасы №20**

#### **Гүлдер күні**

Тақырып: Гүлдердің түрлері және оларды күту

Мақсат: Гүлдер туралы білімін кеңейту және оларды күтуге баулу.

**Серуен: Гүлдер өсетін аймаққа серуен жасау.**

Іс-шара: Әр гүлдің түрлерін талқылау, олардың хош иістерін сезіну. Гүлдер мен өсімдіктерді өз қолдарымен егін үйрену.

Еңбекке баулу: Гүлдерді суару және оларға топырақ қопсыту жұмыстарын жасау.

Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру

#### **Серуен картотекасы №21**

**Жапырақтардың түсуін бақылау (Күзде)**

Мақсаты: Ағаш жапырақтарының түсу процессін байқауға, табиғат өзгерістерін түсінуге үйрету.

Өткізу тәсілі: Балалармен бірге жапырақтардың түскенін бақылап, оларды жинап, түстері мен пішіндерін салыстыру.

**«Күзгі гүлдесте»**

Мақсаты: Эстетикалық талғамды дамыту.

Ойын ережесі: Түрлі жапырақтар мен күзгі өсімдіктерден гүлдесте жасап, бақшаны сәндеуге тырысады.

(Ұсыныс ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)

#### **Серуен картотекасы №22**

**Табиғи материалдарды жинау**

Мақсаты: Табиғаттағы заттардың әртүрлілігін, олардың пішіндерін түсіну.

Өткізу тәсілі: Балаларға жапырақ, бұтақ, тас сияқты табиғи заттарды жинауды тапсырып, олардың ерекшеліктерін бірге талқылау.

**«Күзгі серуен картасы»**

Мақсаты: Көрнекі есте сақтауды дамыту.

Ойын ережесі: Балалар бақшада серуендеп жүріп, қызықты заттарды байқайды және ол жерлерді картаның үстіне белгілеп, серуен жолын картаға түсіреді.

(Экологиялық мәдениет дағдысы, Кішіге көмек беру дағдысын қалыптастыру)

#### **Серуен картотекасы №23**

**Жапырақтың сарғаю процесін бақылау (Күзде)**

Мақсаты: Табиғаттағы жыл мезгілдерінің ауысуын түсінуге тәрбиелеу.

Өткізу тәсілі: Балалармен бірге ағаш жапырақтарының сарғайып, түс өзгертуін бақылап, оны жыл мезгілдерінің ауысуымен байланыстыру.

**«Күзгі аңшы»**

Мақсаты: Бақылау қабілетін дамыту, айналадағы заттарға назар аударту.

Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға күзгі ормандағы заттарды атауды тапсырады (мысалы, «қызыл жапырақ» немесе «өжерде жатқан жаңғақ»), балалар оны іздеп, тезірек тауып көрсетеді.

(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)

#### Серуен картотекасы №24

**Балшық немесе сазбен ойындар**

Мақсаты: Табиғи материалдармен таныстырып, қол моторикасын дамыту.

Өткізу тәсілі: Балаларға балшық немесе сазбен жұмыс істеуді, олардың көмегімен фигуралар жасауды ұсыну.

**«Жапырақтармен сурет салу»**

Мақсаты: Табиғи материалдар арқылы сурет салу дағдысын дамыту.

Ойын ережесі: Жапырақтарды жастықшамен немесе бояумен сулап, оларды қағаз бетіне басып, сурет түсіреді.

(Қоршаған ортамен танысу, Экологиялық мәдениет дағдысы)

#### Серуен картотекасы №25

**Тастарды және олардың пішіндерін бақылау**

Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы білімдерін кеңейту, тастардың құрылымын зерттеу.

Өткізу тәсілі: Балаларға әртүрлі пішіндегі тастарды көрсетіп, олардың айырмашылықтарын талқылау, тегіс және бұдырлы тастарды сезінуге мүмкіндік беру

**«Күзгі пазл»**

Мақсаты: Зейін мен көру қабілетін дамыту.

Ойын ережесі: Жапырақтарды пішіндер бойынша бөліктерге бөліп, пазл сияқты қайта құрастырады.

(Өңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы)

#### Серуен картотекасы №26

**Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"**

Мақсаты: Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.

Іс-әрекет: Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды.

Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.

Сұрақтар:

«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»

«Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»

Белсенділік:

Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.

### **Өсімдіктерге күтім жасау**

Мақсаты: Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.

Іс-әрекет: Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады.

Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді.

Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.

